

Келісілді: 
Әдіскер:

Бекітемін:  жеке балабақшасының
ЖШС «Нұржігіт» «Баб» директоры
«Нұржігіт» А.А. Азмухамбетова
№1 Педагогикалық
«29» тамыз 2023 жылы

Мектепке дейінгі тәрбие мен үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы негізінде 2023-2024 оқу жылына «Ботақан» ортаңғы топтарына арналған қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекетінің перспективалық жоспары

Қазақ тілі мұғалімі: М.Т.Накипова

Түсінік хат

Бұл перспективалық жоспар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348- бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» мен «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы» туралы 12.08.2016 жылғы № 499-бұйрығының 1-қосымшасына Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422-бұйрығының қосымшасы басшылыққа алына отырып, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012жылғы 20 желтоқсандағы № 557-бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394- бұйрығы негізінде құрылды. Оқу жүктемесі балалардың жас ерекшеліктеріне қарай, санитарлық- гигиеналық нормалар мен ережелерге сәйкес келеді.

Ортаңғы топ: Қазақ тіліне тән дыбыстарды, осы дыбыстармен берілген сөздерді айтады; өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдайды және түсінеді; алынған ақпаратқа сәйкес өзінің ойын білдіреді; күнделікті жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінеді және оларды ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс қолданады; туыстық қатынасты білдіретін сөздерді түсінеді және атайды; сөз тіркестерінің мәнін түсінеді, оларды өз бетінше құрайды; қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтады; сөйлегенде бұйрық райлы етістіктерді жеке қолданады; кітаптағы суреттерді, ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап береді, оларды жай сөйлемдермен сипаттайды; таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, мазмұнын өз бетінше қайталап айтады.

Перспективалық жоспарда балалардың жас ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере, ауызекі сөйлеуге, сөздік қорды толықтыруға үйрету; балалардың сыни ойлауын, коммуникативті-тілдік құзіреттіліктерін, креативтілігін және командада жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру көзделді.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
қаңтар	Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. Ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Көрнекілікпен өзіне айтылған сөзді тыңдау, қазақ тіліне тән «ә» дыбысын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздікқор. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе»), тұрмыстық заттардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. Тілдіңграмматикалыққұрылымы. Бұйрық райлы «бар» етістікті жекелей қолдануға баулу. Байланыстырыпсөйлеу. Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге баулу. Күтілетін нәтиже: Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің рөлін сомдайды; оқылған шығармадан қызықты үзінділерді, сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтады; тақпақтарды, өлеңдерді мәнерлеп жатқа айтады; өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдайды және түсінеді.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ақпан	Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. Өз бетінше кітаптарды қарауға баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау. қазақ тіліне тән «ө» дыбысын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздікқор. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («аға»), жемістердің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. Тілдіңграмматикалыққұрылымы. Бұйрық райлы «кел» етістікті жекелей қолдануға баулу. Байланыстырыпсөйлеу. Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарды жауап беруге , оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. Күтілетін нәтиже: Алынған ақпаратқа сәйкес өзінің ойын білдіреді; күнделікті жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінеді және оларды ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс қолданады.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
наурыз	Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. Өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Көрнекілікпен өзіне айтылған сөзді түсінуді дамыту, қазақ тіліне тән «қ» дыбысын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздікқор. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («апа»), жануарлардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. Тілдіңграмматикалыққұрылымы. Бұйрық райлы «айт» етістікті жекелей қолдануға баулу. Байланыстырыпсөйлеу. Таныс ертегілердің мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу. Күтілетін нәтиже: Туыстық қатынасты білдіретін сөздерді түсінеді және атайды; сөз тіркестерінің мәнін түсінеді, оларды өз бетінше құрайды; қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтады, сөйлегенде бұйрық райлы етістіктерді жеке қолданады.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
сәуір	Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. Сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Көрнекілікпен өзіне айтылған сөзді түсінуді дамыту, қазақ тіліне тән «ү» дыбысын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздікқор. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («іні»), төрт түлік (сиыр, қой-ешкі) атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. Тілдіңграмматикалыққұрылымы. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім) үйрету. Байланыстырыпсөйлеу. Шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу. Күтілетін нәтиже: Кітаптағы суреттерді, ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап береді, оларды жай сөйлемдермен сипаттайды.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
мамыр	Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. Құрдастарын есімімке толық, дұрыс атауға баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. қазақ тіліне тән «ұ» дыбысын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздікқор. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («қарындас»), төрт түлік (жылқы, түйе) атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. Тілдіңграмматикалыққұрылымы. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және етістік) үйрету. Байланыстырыпсөйлеу. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу. Күтілетін нәтиже: Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, мазмұнын өз бетінше қайталап айтады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 1-қосымша
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі». 2020 ж.
3. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы.
4. Ойна. Ойлан. 3- 5 жастағы сәбилерге арналған жұмыс дәптері. Көкшетау «Келешек -2030».
5. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығы.
6. Бадел А., Қазақ этнопедагогикасы – бала дүниетанымын қалыптастыру негізі: әдістемелік құрал. – Астана: Зерде, 2009. – 202 б.
7. Малайсаринов Н.Ж. «Ұлттың қуаты тілінде» Оқыту-тәрбиелеу технологиясы журналы 2016 - № 4, 63-64 бб
8. Еденбаева З. Д, Попова Т. Н. – Алматы: Күншуақ – 2006
9. Қазақ мақал- мәтелдері –Алматы: Атамура 2006.
10. Меңжанова А. Мектепке дейінгі педагогика.Алматы.,- «Рауан» 1992.-137б
11. Қаржаубаева Л.Ж. «Бала тілінзаманауитехнологияларарқылыдамыту»